| | қабылдаған шешімдер.<br>Жалпы жиналыста Қоғам Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселені қараған жағдайда жалпы жиналыс хаттамасында сайланған Директорлар кеңесінің мүшесі қай акцмонердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс. | | акционеров.<br>В случае рассмотрения на общем собрании вопроса об избрании Совета Директоров Общества (избрании нового члена Совета Директоров) в протоколе общего собрания указывается, представителем какого акционера является выбранный член Совета Директоров и (или) кто из избранных членов Совета Директоров является независимым директором. |
| 10.10.3. | Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасына акционерлер Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиум мүшелері), акционерлер Жалпы жиналысының Хатшысы, Санақ комиссиясының мүшелері, Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайызын иеленетін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қояды. Хаттамаға оған қол қоюға міндетті тұлға қол қоймаса, онда хаттамаға берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі қол қояды. | 10.10.3. | Протокол Общего собрания акционеров подписывается председателем (членами президиума), секретарем Общего собрания акционеров, членами счетной комиссии, акционерами, присутствовавшими на Общем собрании акционеров и владеющими десятью и более процентами голосующих акций общества и участвовавшими в Общем собрании акционеров. В случае невозможности подписания протокола лицом, обязанным его подписывать, протокол подписывается его представителем на основании выданной ему доверенности. |
| 10.10.4. | Хаттама дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қоюлармен немесе хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себебі көрсетілген түсіндірмелермен бірге тігіледі. Аталмыш құжаттар атқарушы органмен сақталуы керек және акционерлер танысу үшін оларға кез-келген уақытта ұсынылуы керек. Акционердің талабы бойынша оған акционерлер Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі. | 10.10.4. | Протокол общего собрания акционеров сшивается вместе с протоколом об итогах голосования, доверенностями на право участия и голосования на общем собрании, а также подписания протокола и письменными объяснениями причин отказа от подписания протокола. Указанные документы должны храниться исполнительным органом и предоставляться акционерам для ознакомления в любое время. По требованию акционера ему выдается копия протокола общего собрания акционеров. |
| 10.11. | Дара акционер | 10.11. | Единственный акционер |
| 10.11.1. | Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болғанға дейін акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер дара акционермен жеке қабылданады және жазбаша нысанда ресімделуге жатады, бұл жағдайда ондай шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарды шектемеуі қажет. | 10.11.1. | До тех пор пока все голосующие акции Общества принадлежат одному акционеру, общие собрания акционеров не проводятся. Решения по вопросам, отнесенным действующим законодательством и настоящим Уставом к компетенции общего собранияакционеров, принимаются единственным акционером единолично и подлежат оформлению в письменном виде при условии, что эти решения не ущемляют и не ограничивают права, удостоверенные привилегированными акциями. |
| 10.11.2. | Осы Жарғының 10.11.1 тармағымен қарастырылған жағдайларда дара акционер немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие тұлға заңды тұлға болып табылса, онда қолданыстағы заңнамамен | 10.11.2. | Если в случаях, предусмотренных пунктом 10.11.1 настоящего Устава, единственным акционером или лицом, владеющим всеми голосующими акциями Общества, является |

| | |
|---|---|
| және осы Жарғымен акционерлер жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес ондай шешімдерді қабылдауға құқылы заңды тұлғаның органымен, лауазымды тұлғаларымен немесе жұмыскерлерімен қабылданады. | юридическое лицо, то решения по вопросам, отнесенным действующим законодательством и настоящим Уставом к компетенции общего собрания акционеров, принимаются органом, должностными лицами или работниками юридического лица, обладающими правом на принятие таких решений в соответствии с законодательством Республики Казахстан и уставом юридического лица. |
| 10.12. Корпоративті хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Қоғам атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Қоғам Директорлар кеңесі тағайындаған және Қоғам Директорлар кеңесіне есеп беретін қоғам жұмыскері, сонымен қатар өз қызметінің ауқымында акционерлер мен Директорлар кеңесінің жиналыстары мен отырыстарын даярлау мен өткізілуін қадағалайды, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі мәселесі бойынша материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарының қалыптасуын қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізілуіне бақылау жасайды. Корпоративті хатшы құзыреттілігі мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді. | 10.12. Корпоративный секретарь – работник Общества, не являющийся членом Совета Директоров либо исполнительного органа Общества, который назначен Советом Директоров Общества и подотчетен Совету Директоров Общества, а также в рамках своей деятельности контролирует подготовку и проведение заседаний собрания акционеров и Совета Директоров Общества, обеспечивает формирование материалов по вопросам повестки дня общего собрания акционеров и материалов к заседанию Совета Директоров Общества, ведет контроль за обеспечением доступа к ним. Компетенция и деятельность корпоративного секретаря определяются внутренними документами Общества |
| 11 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ | СТАТЬЯ 11. СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ ОБЩЕСТВА |
| 11.1. Директорлар кеңесі – Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүргізетін Қоғамның органы болып табылады және оған осы Жарғымен және қолданыстағы заңнамамен акционерлер Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу жатпайды. | 11.1. Совет Директоров – орган Общества, осуществляющий общее руководство деятельностью Общества, за исключением решения вопросов, отнесенных действующим законодательством и настоящим Уставом к исключительной компетенции Общего собрания акционеров. |
| 11.2. Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақылар төленеді және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқарумен байланысты шығындар өтеледі. Ондай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері акционерлер Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. | 11.2. По решению Общего собрания акционеров членам Совета Директоров Общества в период исполнения ими своих обязанностей выплачиваются вознаграждения и/или компенсируются расходы, связанные с исполнением ими функций членов Совета Директоров Общества. Размер таких вознаграждений и компенсаций устанавливается решением Общего собрания акционеров. |
| 11.3. Директорлар Кеңесінің құзыреті | 11.3. Компетенция Совета Директоров |
| 11.3.1. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады: | 11.3.1. К исключительной компетенции Совета Директоров относятся следующие вопросы: |
| 1) қоғам қызметінің басты бағыттарын анықтау; | 1) определение приоритетных направлений деятельности Общества |
| 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын | 2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общего собраний |

| | |
|---|---|
| шақыру туралы шешім қабылдау; | акционеров Общества; |
| 3) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), сонымен қатар Қоғамның жарияланған акциялары шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастырудың бағасы және әдісі туралы шешім қабылдау; | 3) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций Общества, способе и цене их размещения (реализации); |
| 4) Қоғаммен орналастырылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу, сонымен қатар оларды сатып алудың бағасы туралы шешім қабылдау; | 4) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа; |
| 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту; | 5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества; |
| 6) облигациялар мен Қоғамның туынды бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау; | 6) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества; |
| 7) Қоғамның Бас директорын сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау және мерзімнен бұрын оның өкілеттігін тоқтату; | 7) определение срока полномочий Генерального директора Общества, избрание Генерального директора Общества, а также досрочное прекращение его полномочий; |
| 8) Қоғамның Бас директорының қызметтік айлығының мөлшерін, оған еңбек ақы төлеудің және сыйақы берудің шарттарын анықтау; | 8) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Генерального директора Общества; |
| 9) бағалаушы және аудиторлық ұйым қызметінің ақысының мөлшерін анықтау; | 9) определение размера оплаты услуг оценщика и аудиторской организации; |
| 10) аудиторлық ұйым қызметтеріне, сонымен қатар Қоғам акцияларына төлем ретінде берілген немесе ірі келісім мәні болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын бағалау жөніндегі бағалаушы қызметіне төлем көлемін белгілеу; | 10) определение размера оплаты услуг аудиторской организации, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества либо являющегося предметом крупной сделки ; |
| 10-1) корпоративті хатшыны тағайындау, өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративті хатшы қызметтік жалақысы мен сыйақы беру шарттарын белгілеу. | 10-1) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря |
| 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдайтын құжаттардан басқа) бекіту, оның ішінде аукциондар мен Қоғам құнды қағаздарына жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту; | 11) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества (за исключением документов, принимаемых Генеральным директором в целях организации деятельности Общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества; |
| 12) Қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау; | 12) принятие решения об участии Общества в создании и деятельности других организаций; |
| 13) Қоғамның өзге заңды тұлғалар он және одан көпп пайыздағы акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олардың қызметі | 13) принятие решения о приобретении Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц, а также принятие решений по вопросам |

| | |
|---|---|
| мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; | их деятельности ; |
| 14) алдыңғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғам тіркеушісін таңдау; | 14) выбор регистратора Общества в случае расторжения договора с прежним регистратором; |
| 15) Қоғамның алдыңғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін сайлау; | 15) выбор регистратора Общества в случае расторжения договора с прежним регистратором Общества; |
| 16) ірі мәмілелерді және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау; | 16) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых Обществом имеется заинтересованность; |
| 17) қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен қарастырылған акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер. | 17) иные вопросы, предусмотренные действующим законодательством и настоящим Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции общего собрания акционеров. |
| 11.3.2. Тізбесі осы Жарғының 11.3.1 тармағымен белгіленген мәселелер Қоғамның Бас директорының шешілуіне жіберілмейді. | 11.3.2. Вопросы, перечень которых установлен пунктом 11.3.1 настоящего Устава, не могут быть переданы для решения Генеральному директору Общества. |
| 11.3.3. Директорлар кеңесі Қоғамның осы Жарғысына сәйкес оның Бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ. | 11.3.3. Совет Директоров не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с настоящим Уставом отнесены к компетенции его Генерального директора, а также принимать решения, противоречащие решениям Общего собрания акционеров. |
| 11.3.4. Аса маңызды мәселелерді қарау және Қоғам Директорлар кеңесіне ұсыныстар даярлау үшін Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерін құрады:<br>1) стратегиялық жоспарлау;<br>2) кадрлар мен сыйақылар беру;<br>3) ішкі аудит;<br>4) әлеуметік мәселелер;<br>5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге мәселелер бойынша.<br>Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады.<br>Бас директор Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.<br>Директорлар кеңесі комитетінің құрылуы мен жұмыс істеу тәртібі, сонымен қатар оның сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді. | 11.3.4. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров Общество создает комитеты Совета Директоров по вопросам:<br>1) стратегического планирования;<br>2) кадров и вознаграждений;<br>3) внутреннего аудита;<br>4) социальным вопросам;<br>5) иным вопросам, предусмотренным внутренним документом Общества.<br>Комитеты Совета директоров состоят из членов Совета Директоров и экспертов, обладающих необходимыми профессиональными знаниями для работы в конкретном комитете.<br>Генеральный директор не может быть председателем комитета Совета Директоров.<br>Порядок формирования и работы комитетов Совета Директоров, а также их количественный состав устанавливаются внутренним документом Общества, утверждаемым Советом Директоров. |
| 11.4. Директорлар кеңесінің құрамы. Өкілеттік мерзімі | 11.4. Состав Совета Директоров. Срок полномочий |
| 11.4.1. Директорлар кеңесінің мүшелері жеке тұлғалардың арасынан сайланады:<br>1) Қоғамның акционерлері;<br>2) акционерлер мүдделерін танытатын ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар;<br>3) басқа тұлғалар.<br>Директорлар кеңесінің мүшесі болып | 11.4.1. Совет Директоров Общества избирается из числа физических лиц:<br>1) акционеров Общества;<br>2) лиц, предложенных (рекомендованных) к избранию в Совет Директоров в качестве представителей интересов акционеров;<br>3) других лиц.<br>Членом Совета Директоров может быть |

| | |
|---|---|
| Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерін танытатын ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға бола алады. Бұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспайды. | избрано физическое лицо, не являющееся акционером Общества и не предложенное (не рекомендованное) к избранию в Совет Директоров в качестве представителя интересов акционера. Количество таких лиц не может превышать пятьдесят процентов состава Совета Директоров. |
| 11.4.2. Директорлар кеңесі үш адамнан тұрады. | 11.4.2. Совет Директоров состоит из трех человек. |
| 11.4.3. Директрлар кеңесінің бір мүшесі қолданыстағы заңнаманың және осы Жарғының талаптарына сәйкес келетін тәуелсіз директор болуы қажет. | 11.4.3. Один член Совета Директоров Общества должен быть независимым директором, соответствующим требованиям действующего законодательства и настоящего Устава. |
| 11.4.4. Тәуелсіз директор – осы Қоғамның аффилиирленген мүшесі болып табылмайтын және оның Директорлар кеңесіне келген алдындағы үш жылда (осы Қоғамның тәуелсіз директоры болағн жағдайынан басқа) болып табылмаған Директорлар кңесінің мүшесі, осы Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды; осы Қоғамның лауазымды тұлғаларымен немесе осы Қоғам аффилиирленген тұлғалары – ұйымымен бағыныштылық байланыста емес; мемлкеттік қызметші болып табылмайды; осы Қоғамның аудиторы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі алдыңғы үш жылда болып табылмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы Қоғам аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі алдыңғы үш жылда мұндай аудитке қатыспаған. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізімі акционерлік қоғамдар жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді. | 11.4.4. Независимый директор – член Совета Директоров, который не является аффилиированным лицом данного Общества и не являлся им в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет Директоров (за исключением случая его пребывания на должности независимого директора данного Общества), не является аффилиированным лицом по отношению к аффилиированным лицам данного Общества; не связан подчиненностью с должностными лицами данного Общества или организаций – аффилиированных лиц данного Общества; не является государственным служащим; не является аудитором данного Общества и не являлся им в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет Директоров; не участвует в аудите данного Общества в качестве аудитора, работающего в составе аудиторской организации, и не участвовал в таком аудите в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет Директоров. Перечень аффилиированных лиц Общества устанавливается законодательством Республики Казахстан по вопросам акционерных обществ. |
| 11.4.5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды Директорлар кеңесіне сайланатын толықтай бір үміткерге бере алады не болмаса оны бірнеше үміткерлер арасында үйлестіре алады. Дауыстарың көп санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Директорлар кеңесіне сайланып жатқан екі немесе бірнеше үміткерлер бірдей дауыс санын жинаса, ол үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі. | 11.4.5. Выборы членов Совета Директоров осуществляются кумулятивным голосованием. Акционер вправе отдать голоса по принадлежащим ему акциям полностью за одного кандидата или распределить их между несколькими кандидатами в члены Совета Директоров. Избранными в Совет Директоров считаются кандидаты, набравшие наибольшее число голосов. Если два и более кандидата в члены Совета Директоров набрали равное число голосов, в отношении этих кандидатов проводится дополнительное голосование. |
| 11.4.6. Егер Бас директор Директорлар кеңесімен сайланса, ол бір уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасы бола алмайды. | 11.4.6. В случае если Генеральный директор избран членом Совета Директоров, он не может быть одновременно Председателем Совета Директоров. |
| 11.4.7. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын | 11.4.7. Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в состав Совета Директоров, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | талаптар акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілетін Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережемен белгіленуі мүмкін. | | могут быть установлены Положением о Совете Директоров Общества, утверждаемым Общим собранием акционеров. |
| 11.4.8. | Директорлар кеңесі мүшелері акционерлер Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес үш жылға сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген түрде бірнеше рет сайлануға түсуі мүмкін. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде бітеді. | 11.4.8. | Члены Совета Директоров Общества избираются сроком на три года в соответствии с решением Общего собрания акционеров. Лица, избранные в состав Совета Директоров Общества, могут переизбираться неограниченное число раз. Срок полномочий совета директоров истекает на момент проведения Общего собрания акционеров, на котором проходит избрание нового совета директоров. |
| 11.4.9. | Акционерлер Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам кез келген негіз бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы. | 11.4.9. | По решению Общего собрания акционеров Общества полномочия всех или отдельных членов Совета Директоров могут быть прекращены досрочно по любому основанию. |
| 11.4.10. | Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату кез келген уақытта Директорлар кеңесін жазбаша түрде хабардар ету негізінде оның бастамасымен жүргізіледі. Ондай мүшенің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталмыш хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады. | 11.4.10. | Досрочное прекращение полномочий члена Совета Директоров Общества по его инициативе осуществляется в любое время посредством письменного уведомления Совета Директоров Общества. Полномочия такого члена Совета Директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом Директоров. |
| 11.4.11. | Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатқан жағдайда, жаңа Директорлар кеңесі мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында танытылған дауыстардың кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі, бұл жағдайда жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі біткен мерзімде аяқталады. | 11.4.11. | В случае досрочного прекращения полномочий члена Совета Директоров избрание нового члена Совета Директоров осуществляется кумулятивным голосованием, представленных на Общем собрании акционеров, при этом полномочия вновь избранного члена Совета Директоров истекают одновременно с истечением срока полномочий Совета Директоров в целом. |
| 11.5. | Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы | 11.5. | Председатель Совета Директоров Общества. |
| 11.5.1. | Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік дауыстарымен сайланады. | 11.5.1. | Председатель Совета Директоров избирается из числа его членов большинством голосов от общего числа членов Совета Директоров открытым голосованием. |
| 11.5.2. | Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлай алады. | 11.5.2. | Совет Директоров вправе в любое время переизбрать своего Председателя Совета Директоров. |
| 11.5.3. | Директорлар кеңесінің Төрағасы оның жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді, қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады. | 11.5.3. | Председатель Совета Директоров организует работу Совета Директоров Общества, созывает заседания Совета Директоров Общества и председательствует на них, организует на заседаниях ведение протокола в порядке, установленном действующим законодательством и настоящим Уставом. |
| 11.5.4. | Төраға болмаған жағдайда оның қызметтерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады. | 11.5.4. | В случае отсутствия Председателя Совета Директоров Общества его функции осуществляет один из членов Совета Директоров Общества по решению Совета |

| | |
|---|---|
| | Директоров Общества. |
| 11.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырудың және өткізудің тәртібі | 11.6. Порядок проведения заседаний Совета Директоров Общества. |
| 11.6.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Бас директордың бастамасымен не болмаса мыналардың талаптары бойынша шақырылуы мүмкін: | 11.6.1. Заседание Совета Директоров Общества может быть созвано по инициативе его Председателя или Генерального директора либо по требованию: |
| 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің талабы; | 1) любого члена Совета Директоров Общества; |
| 2) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның талабы; | 2) аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 3) Ірі акционердің талабы. | 3) крупного акционера Общества. |
| 11.6.2. Директорлар кеңесін шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысында ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген сәйкесінше жазбаша хабарландыру арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталмыш талаппен Қоғамның Бас директорына жүгіне алады, Бас директор өз кезегінде Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Қоғамның Бас директорымен шақыру туралы талап түскеннен кейін он күннен кешіктірмей шақырылуы керек. Директорлар кеңесінің отырыстары аламыш талапты ұсынған тұлғаның міндетті қатысуымен өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарландыруды жөнелті тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді. | 11.6.2. Требование о созыве заседания Совета Директоров предъявляется Председателю Совета Директоров посредством направления соответствующего письменного сообщения, содержащего предлагаемую повестку дня заседания Совета Директоров. В случае отказа Председателя Совета Директоров Общества в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием к Генеральному директору Общества, который обязан созвать заседание Совета Директоров. Заседание Совета Директоров должно быть созвано Председателем Совета Директоров или Генеральным директором Общества не позднее десяти дней со дня поступления требования о созыве. Заседание Совета Директоров проводится с обязательным приглашением лица, предъявившего указанное требование. Порядок направления уведомления членам Совета Директоров о проведении заседания Совета Директоров определяется Советом Директоров. |
| 11.6.3. Қоғамның Директорлар кеңесін өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстағы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың қосымшасымен отырысты өткізгенге дейін үш күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек. | 11.6.3. Письменные уведомления о проведении заседания Совета Директоров Общества с приложением материалов по вопросам повестки дня заседания должны быть направлены членам Совета Директоров Общества не позднее чем за три дня до даты проведения заседания. |
| 11.6.4. Директорлар кеңесін өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және жері туралы мәліметтер, сонымен қатар оның күн тәртібі көрсетілуі қажет. | 11.6.4. Уведомление о проведении заседания Совета Директоров должно содержать сведения о дате, времени и месте проведения заседания, а также его повестку дня. |
| 11.6.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Бас Директорына оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны жайлы алдын ала хабар беруі тиіс. | 11.6.5. Член Совета Директоров Общества обязан заранее уведомить Генерального директора Общества о невозможности его участия в заседании Совета Директоров. |
| 11.6.6. Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысы, егер оған Директорлар Кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысып отырса, құқылы болып саналады.<br>Егер Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен белгіленген | 11.6.6. Заседание Совета директоров Общества считается правомочным, если на нем присутствует простое большинство членов Совета Директоров.<br>В случае, если общее количество членов Совета Директоров недостаточно для |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері ондай акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы. | | достижения кворума, определенного настоящим Уставом, Совет Директоров Общества обязан созвать внеочередное общее собрание акционеров Общества для избрания новых членов Совета Директоров. Оставшиеся члены Совета Директоров Общества вправе принимать решение только о созыве такого внеочередного общего собрания акционеров. |
| 11.6.7. | Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның даусы шешуші болады. | 11.6.7. | Каждый член Совета Директоров Общества имеет один голос. Решения Совета Директоров принимаются простым большинством голосов членов Совета Директоров, присутствующих на заседании. При равенстве голосов голос Председателя Совета Директоров или лица, председательствующего на заседании Совета Директоров Общества, является решающим. |
| 11.6.8. | Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өздерінің жабық отырыстарын өткізу туралы шешім қабылдай алады. | 11.6.8. | Совет Директоров Общества вправе принять решение о проведении своего закрытого заседания, в котором могут принимать участие только члены Совета Директоров Общества. |
| 11.6.9. | Қоғамның Директорлар кеңесінің карауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жүргізілген жағдайда дауыс беруге арналған бюллетендер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень отырыс өткізілмей сырттай өткізілетін дауыс берудің дауыстарын есептеген күнге дейін бес күн бұрын алушыға жіберілуі тиіс. Дауыс беруге арналған бюллетенде дауыс берудің тәртібін түсіндіретін түсініктеме мазмұндалуы қажет. Сырттай дауыс берудің шешімдері бюллетенде белгіленген мерзімде алынған кворум болған жағдайда қабылданған деп танылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген отырыстарының шешімдері жазбаша түрде ресімделуі қажет және оған Директорлар кеңесінің Төрағасы және Хатшысы қол қоюы қажет. Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма күннің ішінде осы шешім Директорлар кеңесіне бағытталады және оған бюллетендер тіркеледі. Ашық түрде өткізілген Директорлар кеңесінің отырыстарында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді және ол хаттаманы Төраға немесе отырыста төрағалық етіп отырған тұлға және Директорлар кеңесінің Хатшысы отырыс өткізгеннен кейін үш күннің ішінде құрастырады және оған қол қояды. Хаттамада мына мәліметтер көрсетіледі:<br>1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері; | 11.6.9. | Решения Совета Директоров Общества по вопросам, вынесенным на рассмотрение Совета Директоров, могут быть приняты путем заочного голосования. При проведении заочного голосования бюллетени для голосования рассылаются (раздаются) членам Совета Директоров Общества. Бюллетень для голосования должен быть направлен получателю не позднее, чем за пять дней до даты подсчета голосов для заочного голосования без проведения заседания. Бюллетень для голосования должен содержать разъяснение порядка голосования. Решение посредством заочного голосования признается принятым при наличии кворума в полученных в установленный срок бюллетенях. Решение заочного заседания Совета Директоров Общества должно быть оформлено в письменном виде и подписано секретарем и Председателем Совета Директоров. В течение двадцати дней с даты оформления решения оно должно быть направлено членам Совета Директоров с приложением бюллетеней, на основании которых было принято данное решение. Решения Совета Директоров Общества, которые были приняты на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который должен быть составлен и подписан лицом, председательствовавшим на заседании, и секретарем Совета Директоров в течение трех дней со дня проведения заседания. В протоколе указываются:<br>1) полное наименование и местонахождения исполнительного |

| | |
|---|---|
| | органа Общества; |
| 2) отырыстың өткізілетін мерзімі, уақыты және жері; | 2) дату, время и место проведения заседания; |
| 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер; | 3) сведения о лицах, участвовавших в заседании; |
| 4) отырыстың күн тәртібі; | 4) повестку дня заседания; |
| 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары; | 5) вопросы, поставленные на голосование, и итоги голосования по ним; |
| 6) қабылданған шешімдер; | 6) принятые решения; |
| 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер. | 7) иные сведения по решению Совета Директоров. |
| 11.6.10. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады. | 11.6.10. Протоколы заседаний Совета Директоров Общества и решения Совета Директоров Общества, принятые путем заочного голосования, хранятся в архиве Общества. |
| 12 БАП. БАС ДИРЕКТОР | СТАТЬЯ 12. ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР |
| 12.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның дара атқарушы органы – Бас директор атқарады. Ол 3 жылға сайланады. | 12.1. Руководство текущей деятельностью осуществляется единоличным органом - Генеральным директором, который избирается сроком на 3 года. |
| 12.2. Бас директор Қоғамның Акционерлер Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды. | 12.2. Генеральный директор выполняет решения Общего собрания акционеров и Совета директоров Общества. |
| 12.3. Бас директор қоғам атынан әрекет етеді және оның мүдделерін танытады, қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі ережелерімен белгіленген тәртіпте Қоғам атынан мәмілелер жасайды, штатты бекітеді, Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығарады және нұсқаулар береді. | 12.3. Генеральный директор действует от имени Общества и представляет его интересы, совершает сделки от имени Общества в порядке, установленном действующим законодательством, настоящим Уставом и внутренними положениями Общества, утверждает штаты, издает приказы и распоряжения и дает указания, обязательные для исполнения всеми работниками Общества. |
| 12.4. Бас директорға өкілеттіктер ұсыну, сонымен қатар өкілеттіктерді мерзімнен бұрын тоқтату қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі. Бас директордың құқықтары және міндеттері, өкілеттік мерзімі және оған еңбекақы төлеудің шарттары қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен, сонымен қатар Қоғаммен жасалатын жеке еңбек шартымен анықталады. Жеке еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Директорлар кеңесімен уәкілеттік берілген тұлға қол қояды. | 12.4. Предоставление полномочий Генерального директора, а также досрочное прекращение полномочий осуществляется по решению Совета директоров Общества в соответствии действующим законодательством и Уставом. Права и обязанности, срок полномочий и условия оплаты труда Генерального директора определяются действующим законодательством и Уставом, а также индивидуальным трудовым договором, заключаемым с Обществом. Индивидуальный трудовой договор от имени Общества подписывается Председателем Совета Директоров или лицом, уполномоченным Советом Директоров Общества. |
| 12.4-1 Бас директор өзге тұлғаның атқарушы органы басшысы қызметін немесе атқарушы орган қызметін жеке атқарушы тұлға қызметін атқара алмайды. | 12.4-1 Генеральный директор не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица |
| 12.5. Бас директордың өкілеттіктері: | 12.5. Полномочия Генерального директора: |
| 12.6. Бас директор қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен, не болмаса Жалпы жиналыспен және Директорлар кеңесімен қабылданған өзге ережелермен және құжаттармен Жалпы жиналыстың және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне | 12.6. К компетенции Генерального директора относятся все вопросы обеспечения деятельности Общества, не относящиеся к исключительной компетенции Общего собрания и Совета директоров, определенные действующим законодательством и |

| | |
|---|---|
| жатқызылмаған қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. | настоящим Уставом, либо иными правилами и документам, принятыми Общим собранием и Советом директоров. |
| 12.7. Бас директор: | 12.7. Генеральный директор: |
| a) акционерлер Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады; | a) Организует выполнение решений Общего собрания акционеров и Совета директоров; |
| b) үшінші жақтарға қатысты Қоғамды сенімхатсыз танытады; | b) Без доверенности действует от имени Общества в отношениях с третьими лицами; |
| c) үшінші жақтарға қатысты Қоғамды таныту құқығын беретін сенімхаттарды береді; | c) Выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами; |
| d) қаржы, төлем және басқа құжаттарға бірінші болып қол қою құқығына ие; | d) Имеет право первой подписи финансовых, платежных и других документов; |
| e) Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа алады, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалауды белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің қызметтік айлықтарының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес айлықтарға арнайы үстемелердің мөлшерін белгілейді, Қоғамның жұмыскерлері сыйақыларының мөлшерін анықтайды; | e) Осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Общества, применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Общества и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Общества, определяет размеры премий работников Общества; |
| f) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріндегі қажетті өзгерістерді және қайта құруларды жүргізеді; | f) Принимает решение об избрании платежного агента; |
| g) акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Директорлар кеңесімен табысталған өзге өкілеттіктерді атқарады. | g) Осуществляет необходимые изменения и преобразования структурных подразделений Общества, а также иные полномочия, переданные ему Общим собранием акционеров или Советом директоров. |
| 13 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ | СТАТЬЯ 13. ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ И АУДИТ ОБЩЕСТВА. РАСКРЫТИЕ ИНФОРМАЦИИ. ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА |
| 13.1. Қоғамның қаржы есептілігі | 13.1. Финансовая отчетность Общества |
| 13.1.1. Қоғамның қаржы есептілігіне Қоғамның бухгалтерлік балансы, табыстар және шығындар туралы есеп, ақшалар қозғалысы туралы есеп және бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да есептіліктер кіреді. | 13.1.1. Финансовая отчетность Общества включает в себя бухгалтерский баланс Общества, отчет о доходах и расходах, отчет о движении денег и иную отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности. |
| 13.1.2. Қоғамның бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептілігін құрастырудың тәртібі бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес белгіленеді. | 13.1.2. Порядок ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности Общества устанавливается действующим законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности и стандартами бухгалтерского учета. |
| 13.1.3. Бас директор жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына өткен қаржы жылының есебін талқылап, бекіту үшін жылдық қаржы есебін ұсынады және оның аудиті аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілді. Қаржы есептілігінен басқа, Бас директор Жалпы жиналысқа | 13.1.3. Генеральный директор ежегодно представляет Общему собранию акционеров годовую финансовую отчетность за истекший год, аудит которой был проведен в соответствии с законодательством Республики Казахстан об аудиторской деятельности, для ее обсуждения и утверждения. Помимо |

| | |
|---|---|
| аудиторлық есепті ұсынады. | финансовой отчетности, Генеральный директор представляет Общему собранию аудиторский отчет. |
| 13.1.4. Жылдық қаржы есептілігі бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жасалады. | 13.1.4. Годовая финансовая отчетность составляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности. |
